

Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ

«Ақмола облысы білім басқарамасының Аршалы кентінің  
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ-нің  
мектеп кітапханасында 2020 -2021 оқу жылында  
өткізілген іс-шара есебі.

Кітапханашы:

Алимсейіт А.К

Кітапханашы:

Сатбаева Г.Я

Жыл бойы мектеп кітапханасында төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Жаңа оқу жылында жаңадан түскен оқулықтармен жұмыс жүргізіліп, оқушыларға таратылды. Кітапханаға келген оқушыларға тіркеу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі елімізде орын алып отырған төтенше жағдай баршамызды өзгеше жұмыс істеуге бейімдеп отыр. Осы орайда 23 сәуір Халықаралық кітап және авторлық құқықты қорғау күні қарсаңында 100 кітап» жобасы аясында кітап оқуға және

“КҮШ БІЛІМДЕ, БІЛІМ КІТАПТА” атты әлеби викториналық ойын онлайн түрінде өткізілді.

Қыркүйек айында бастауыш сыныптар арасында «Кітап және кітапхана» тақырыбында 1 сынып оқушылары арасында кітапханаға саяхаты болып оқушыларды жаңадан келген кітаптармен және де кітапхана ережесімен таныстырдық.

«Оқулықты аялайық» атты 1 сынып арасында өткізілді.

**Мақсаты:** оқулықтарын таза ұстау, кітап ережелерімен танысу болды.

Ата-аналарымен бірге оқушылар қолдан оқулықтарының арасына бетбелгі жасады.

«Мектеп буккроссингі» 2 сыныптар арасында өткізілді. Мақсаты: оқушыларды қазақ ертегілеріне назар аударып қызықтыру, өзіне ұнаған ертегі кітабын басқа оқушыға беріп, сол баланың оқуына кеңес берді. Мектеп кітапханасында «Оқы және өзгеге ұсын!» тақырыбында «Буккроссинг» кітап алмастыру шарасы үздіксіз ұйымдастырылып отырады



Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілерді оқуға шақырамыз. Оқыған ертегілерінде кейіпкерлер туралы мазмұнын айтып отырады. Бастауыш сынып оқушылары белсене қатысты. Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру біздің міндетіміз.

1-4 сынып оқушылары барлығы кітапхана оқырмандары болып саналады. Бұл оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі.

5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар ,спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады.

9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Кітапхана –рухани жаңғыру жолында: Оқырман кітап оқы» атты тақырыбында көрмелер өткізілді

«Қызықты деректер» тақырыбында 3 сыныптар арасында жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: көркем әдебиет оқуға баулу. Оқушылар осы тақырыпта қызықты мәліметтер жинап , шағын буклеттер жасап, оқып таныстырып берді.





«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» М.Макагаевтың туғанына 90 жыл толуына байланысты 6 сыныптар арасында онлайн көркемсөз сайысы өтілді. Мақсаты : ақынның шығармашылығын танып білу, өлеңдерін жатқа айту.



«Менің сүйікті кітабым» атты жоғары сыныптар арасында zoom платформасы арқылы іс-шара өткізілді. Оқушылар өзінің оқыған сүйікті кітаптарын айтып шығып,кітап оқуға қызығушылықтарын арттырғаны туралы айтылды.

Мақсаты : Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру. Оқыған кітабын таныстырып,оқыған кітабын басқа оқырмандарға ұсыну болды.



«Менің сүйікті кітабым» атты жоғары сыныптар арасында zoom платформасы арқылы іс-шара өткізілді. Оқушылар өзінің оқыған сүйікті кітаптарын айтып шығып,кітап оқуға қызығушылықтарын арттырғаны туралы айтылды.

Балаларға виртуалды кітап көрмелері жасалды.

-« Ұлылардың ұлысы – Абай »

- «Даналық әліпше» Инновациялық сөйлейтін қалам

Буктрейлер мектеп оқушыларының арасында Шынғыс Айтматовтың «Жамилә» және Болат Жандарбековтың

«Томирис» көркем шығармаларына көрмелер өткізілді.



«Кітап-асыл казына» тақырыбында «READx» жобасы 8-9 сыныптар арасында өткізілді. 8 «Г» Қайратова Жамиля Ақселеу Сейдімбек «Ақкыз» повесін, 8 «Г» Бексұлтан Әсет Сәуле Досжан «Біртуар» Жақсылық Үшкемпіров туралы деректі роман 9 «Ә» Қалибеков Ерасыл Оралхан Бөкей «Табиғат-өмір-адам» шығармаларын оқыды. Оқыған кітаптарынан үзінді келтіру арқылы, оқырмандарының сол кітапты тауып оқуына қызығушылықтарын оятты. Отбасымызбен кітап оқимыз. «Оқушы бенефисі» бастауыш сыныптар арасында өткізілді. Отбасымен оқыған кітаптары туралы талқылап, қысқаша мазмұнын айтып берді.

«Кел, бірге оқиың!» 20 минуттық оқу жобасы. 1-11 сынып оқушылары өздерінің оқыған әдеби шығармаларынан, қысқаша талдап айтып отырады. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығына арналған қалалық «READx» онлайн оқырмандар сайысы болып мектебімізден 10 «Ә» сынып оқушысы Қабдылхан Зәуре, Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесін оқып III орын иегері болды. 10 «А» сынып оқушысы Алмасқызы Айзере, Ж. Аймауытовтың «Елес» әңгімесін оқып «Зерделі оқырман» аталымы бойынша марапатталды.

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жылдық мерей тойына арналған танымдық сабақ өтті. Танымдық сабаққа 1 «А», 1 «Ә» сынып оқушылары белсене қатысып Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Оқушыларға «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыс. 5-11 сынып оқушылары қазақша, орысша оқыған кітаптары туралы мазмұндап айтып отырды.

1-желтоқсан Тұңғыш Президент күні мерекесіне «Ел таңдаған-Елбасы» тақырыбында 1-9 сыныптарға кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты әлеби кеш өткізілді. Кешке мектебіміздің 5 «Ә», 6 «Ө», 6 «Б» сынып оқушылары қатысып еліміздің тарихи кезеңдеріне шолу жасай отырып патриоттық әндер, өлеңдер жатқа айтылды. «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» атты көрме қойылып, оған библиографиялық шолу жасалды.

1-4 сыныптар арасында «Алтын жүрек анамыз» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. 1 «Б» сынып оқушысы Еркебұланқызы Аймеркеке бас жүлде, 1 «Б» Мақсат Айзере, 2 «А» Тұрымтай Әділжан, 2 «В» Тайланов Нұрислам I-орын алса, 2 «Б» Отан Аделя, 3 «Г» Мырзақаримова Жадыра, 4 «А» Ринаг Жанель, 4 «Б» Айтқали Әлихан II-орын алды, 2 «А» Ақан Саят, 3 «Ә» Тоқан Аружан, 4 «В» Тұрлыбеков Алихан III-орын алып мақтау қағаздарымен марапатталды. Сайысқа белсене қатысқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды.

«Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз!» атты бірыңғай кітап оқу күні 2-11 сыныптар арасында өткізілді. Оқушылар роман, повесть, әңгіменің кез келген бетін ашып, дауыстап оқыды.

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға-кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп кітапханасы қорын заманауи басылымдармен толықтыру. Мектеп, ата-ана, оқушымен бірлесе отырып, оқушыларды рухани адамгершілікке баулу. Ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау, кітапханаға оқырман тарту, кітап қорын молайту.

Іс шараға мектебіміздің 1-10 сынып оқушылары белсенділік танытып, ата-аналар өздерінің оқыған жана кітаптарын сыйға тартты. Мектепке сыйға тартылған кітаптарды алып оқуға ұсынылды.

Ауған соғысының аяқталуына орай Ауған соғысының ардагері Сыздықов Ғажайып Төлеусейітұлымен «Ауғанның отты жылдары» атты кездесу өткізілді.

2 сәуір халықаралық балалар кітабы күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында «Кітап-ғажайып әлем» тақырыбында кітапханалық сабақ өткізіліп, оқушылар кітап туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар айтылып, оқыған қызықты ертегілері туралы қысқаша мазмұндап берді. 1-9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Кітапхана-ашық әлем» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. «Бірге кітап оқиық» шеберлік оқу сағаты өткізілсе, «Даналық әліпшесі» жәнашыл технологиямен шығарылған кітаптарға шолу жасалды.



«Кітап-білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтуда тағьылымы мол.

Сонымен қатар мектеп кітапханашылары оқырмандармен бірлесе отырып, көптеген көпшілік іс-шаралар өткіземіз. Оңдан мақсатымыз оқушыларды жан-жақты білім алуға, шығармашылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

Кітап әлемі арман биігіне самғатады, ақыл-ой сұлулық әлемін шарлатады, білім, ғылым жолына жетелейді. Жақсы кітап оқу жақсы адаммен сырласқанмен бірдей деп айтқандай, алдағы оқы жылында оқырмандар санын көбейтіп, жас жеткіншектерді көзі ашық, көкірегі ояу, заманның ұлы тұлғасы болуына жеткізу.